

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

География және табиғатты пайдалану факультеті

Рекреациялық география және туризм кафедрасы

«7М11101 - Туризм» білім беру бағдарламасы

КТТ 6308 «Туризмдегі компьютерлік технологиялар»

пәні бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

2 курс

Күзгі семестр

кредит саны 3

АЛМАТЫ 2022

КТТ 6308 «Туризмдегі компьютерлік технологиялар» пәні бойынша емтихан бағдарламасы рекреациялық география және туризм кафедрасының PhD, аға оқытушысы Орынбасарова Г.О. құрастырған

Рекреациялық география және туризм кафедрасының
мәжілісінде қарастырылған және ұсынылған

«20» 09 2022 ж., хаттама № 3

Кафедра меңгерушісі

Ақтымбаева А.С.

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ТҮРІНІҢ
СИПАТТАМАСЫ**

1. Қорытынды емтиханды өткізу ережелері пән бойынша тестілеу ұйымдастырылатын жүйеде орналастырылатын болады:

- Универ жүйесіндегі, ПОӘК-дегі, «Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы» қосымша бетінде;

2. Ережелерді жүйеге жүктегеннен кейін, мессенджер чатында магистранттарға «қорытынды емтиханды өткізу ережелерімен» қандай жүйеде танысуға болатындығы туралы хабарланады.

3. Чаттағы әр магистрант кестемен, ережелермен, прокторинг нұсқауларының талаптарымен танысқанын растауы керек.

4. Кесте бойынша жоспарланған күні магистранттарға емтихан туралы еске салынады.

5. 75 сұрақтан тұратын емтиханға арналған тест тапсырмалары емтихан өтетін күні қол жетімді болады (оқытушы бекітілген емтихан кестесіне сәйкес орнатылады). Тест түріндегі тапсырмалар жиынтығы тест құрастыру талаптарын ескере отырып дайындалды және олар әртүрлі санаттарға (тақырыптарға) бөлінді. Магистранттарға 25 тест сұрақтары беріледі және олар 60 минут ішінде жауап беруі керек.

Тест жасау барысында әртүрлі сұрақтар қолданылды:

Бірнеше таңдау (Множественный выбор) (магистрант сұрақтың жауабын өзіне ұсынылған бірнеше нұсқаның ішінен таңдайды және сұрақтардың біреуі немесе бірнеше дұрыс жауаптарға жауап береді);

Дұрыс/Дұрыс емес (Верно/Неверно) (магистрант сұрақтың жауабын «Дұрыс» және «Дұрыс емес» деген екі нұсқаның арасынан таңдайды); Сәйкестендіру үшін (бірінші топ жауаптарының әр элементін екінші топ жауаптарының элементімен байланыстыру қажет);

Қысқа жауаптар (Короткие ответы) (сұраққа жауап - бұл сөз немесе қысқа фраза);

Емтихан нысаны-тестілеу

Кімге ұсынылады: 2 курс магистранттары, магистратура, «7М11101 - Туризм» мамандығы.

Емтиханды өткізу кестесі: кесте бойынша (кестені қарау)

Емтихан өткізілетін платформа: «СДО MOODLE» жүйесі.

Емтихан форматы-онлайн.

Емтихан шарты: магистрант прокторинг бойынша нұсқаулықтың талаптарына сәйкес басталардан 30 минут бұрын дайындалуы тиіс.

Тестілеуден өтуді бақылау - онлайн прокторинг.

Прокторинг технологиясы (ағылш. «proctor» – емтихан барысын бақылау). Прокторлар, аудиториядағы әдеттегі емтихан сияқты, емтихан алушылардың сынақтардан адал өтуін бақылайды: тапсырмаларды өздері орындайды және қосымша материалдарды пайдаланбайды. Интернеттегі нақты уақыттағы емтиханды веб-камерада маман (күндізгі прокторинг) және тақырыптың жұмыс үстелін, кадрдағы адамдар санын, сыртқы дыбыстарды немесе дауыстарды, тіпті көру қимылдарын (кибер - прокторинг) бақылайтын бағдарлама қадағалай алады. Аралас прокторинг түрі жиі қолданылады: бағдарлама ескертулерімен емтиханның бейнежазбасын адам қосымша қарайды және бұзушылықтар орын алды ма, жоқ па, соны шешеді.

Барлық тест сұрақтарына дұрыс жауап берген жағдайда максималды 100 балл беріледі.

Емтихан ұзақтығы: 60 минут

Бағалау саясаты: жүйе дұрыс жауаптардың кілттері бойынша автоматты түрде тексереді

Универ жүйесінде балдар автоматты түрде емтихан ведомосына ауыстырылады.

Ескерту: тестілеу нәтижелері прокторинг нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін. Егер магистрант тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

КІРІСПЕ

КТТ 6308 «Туризмдегі компьютерлік технологиялар» пәнінің оқу процесінде магистранттарға туризмдегі және қызмет көрсету орындарындағы автоматтандыруды қамтамасыз ететін компьютерлік ақпараттық технологиялар бағдарламаларымен таныстыру және қызмет көрсету орындарында, қонақ үй бизнесінде жүйелі түрде басқаруды жетілдіру, тиімділігін арттыру мақсатында қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың негізгі бағыттарын оқып үйрету.

ЕМТИХАНДЫ ТАПСЫРУҒА ДАЙЫНДЫҚ ҮШІН ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ

1. «Брондау және резервтік жүйелер» пәні, мақсатты, міндеттері
2. Дербес компьютермен жұмыс істеу қауіпсіздік ережелері
3. Брондау және резервтік жүйелердің туризм индустриядағы маңызы. негізгі және қосымша әдебиеттер көздермен жұмыс істеу ерекшеліктері
4. Amadeus брондау жүйесі. Жүйеде қолданылатын арнайы белгілер. Жүйеге кіру
5. Жаһандық дистрибутивтік жүйелердің дамуының алғышарттары мен себептері және беретін мүмкіндіктері
6. Брондау және резервтік жүйелердің мүмкіндіктері. Жаһандық дистрибутивтік жүйелердің түсініктеме аппараты: негізгі терминдері және анықтамалары, саяхат түрлері, туризм индустриясының негізгі бағыттары.
7. Amadeus жүйесіндегі көмек беттерімен жұмыс қалай жүргізіледі?
8. Маскалармен жұмыс істеуді талдау
9. Брондау және резервтік жүйелердің даму тарихы: Amadeus брондау жүйесі. Жаһандық дистрибутивтік жүйелердің даму және жетілдіру ерекшеліктері
10. PNR – Passenger Name Record. Брондау үлгілері
11. Брондау және резервтік жүйелердің даму тарихы: Caleleo брондау жүйесі. Брондау және резервтік жүйелердің даму және жетілдіру ерекшеліктері
12. Amadeus жүйесінде орындардың бар болуын тексеру қай код арықылы жүзеге асады?
13. Брондау және резервтік жүйелердің даму тарихы: Worldspan, Sabre брондау жүйесі. Брондау және резервтік жүйелердің даму және жетілдіру ерекшеліктері
14. Орын экранынан бос орын брондау
15. Брондау және резервтік жүйелердің даму тарихы: Fidelio брондау жүйесі. Брондау және резервтік жүйелердің даму және жетілдіру ерекшеліктері
16. PNR бетіндегі негізгі элементтері: «Атау», «Телефон», «Билетті шығару жағдайы», «жауапты адам», «Бекіту», «Алып тастау» функцияларының міндеті
17. Брондау және резервтік жүйелердің даму және жетілдіру ерекшеліктеріне талдау жасау
18. Туризм индустриясындағы Брондау және резервтік жүйелердің рөлі.
19. Туристік бизнестегі брондау және резервтік жүйелердегі қызмет түрлерінің кенейту маңызы. Туристік жоспарлаудағы GDS географиясы.
20. Travel Agent-2000 жүйесінің жергілікті жұмыс тәртібі үшін техникалық талаптар.
21. Voyage Office және «Аист-2.5» жүйесі
22. Брондау және резервтік жүйелердің дамуына әсер етуші факторлары. Компьютерлік резерв жүйелерден жаһандық дистрибутивтік жүйелерге дейін: Lodging Touch жүйесі
23. Арнайы қызмет – SSR, APIS, SSR INFT/CHLD

24. Туризм индустриядағы жаһандық дистрибутивтік жүйелердің түрлері: авиатасмалдаудағы GDS, қонақ үй шаруашылығындағы GDS және т.б. Номерлік фонд бойынша кіріс және жүктемелер модулі

25. Amadeus жүйесіндегі тарифтермен жұмыс істеу

26. Жаһандық дистрибутивтік жүйелердің нарығы. GDS функциялары – линков жүйесі, веб-жетілдірім, жаңа қызмет түрлерінің броньдауы және т.б. Continent-ANT жүйесі

27. Тарифтер беттері

28. Мета іздеу жүйелері. Пайдалықпен басқару жүйелері – RMS (Revenue Management System). «Мастер – Тур» бағдарламалық кешені

29. Туризмдағы жаңа технологиялардың көмегімен жасалатын брондау қызметтерінің (Amadeus, «Эдельвейс» жүйелерінің) тақырыбын қарастырып, олардың жұмыс жасау ерекшеліктері мен беретін мүмкіндіктерін салыстырып, талдау жасау

30. Lodging Touch жүйесі және KEL-Hotel қонақ үй шаруашылығының автоматты кешені

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Оқу әдебиеті:

1. Ақтымбаева Ә.С. А 38 Туризмдегі ақпараттық қамтамасыздандыру: оқу құралы / Ә.С. Ақтымбаева. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. -92 б
2. Новиков В.С. Инновации в туризме: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / В.С. Новиков. – М.: Издательский центр «Академия», 2012.
3. Попов В.М. и др. Глобальный бизнес и информационные технологии. Современная практика и рекомендации / В.М. Попов, Р.А. Маршавин, С.И. Ляпунов, под. ред. В.М. Попова. – М.: Финансы и статистика, 2010.
4. Куприна. Л. Е. Туристская картография. Учебное пособие. – М.: Изд. Флинта, 2016, 278 стр.
5. Уварова А.К., Мазбаев О.Б. Основы топографии и ориентирования на местности. Алматы, Казак Университет, 2000, 98 с.
6. Основы геоинформатики: В 2-х кн. Кн. 1: учеб. пособие для студ. вузов / Е.Г. Капралов, А.В. Кошкарев, В.С. Тикунов и др.; под ред. В.С. Тикунова. – М.: Издательский центр "Академия", 2004.
7. Основы геоинформатики: В 2-х кн. Кн. 2: учеб. пособие для студ. вузов / Е.Г. Капралов, А.В. Кошкарев, В.С. Тикунов и др.; под ред. В.С. Тикунова. – М.: Издательский центр "Академия", 2004.
8. Трифонова Т.А., Мищенко Н.А., Краснощекое А.Н. Геоинформационные системы и дистанционное зондирование в экологических исследованиях: Учебное пособие для вузов. - М.: Академический Проект, 2005. - 352 с.